

«АҚПАРАТТЫҚ ТАЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ

Ұлттық білім беру деректер қорын толтыру туралы
№3 нұсқаулық

Төлқұжат
«Техникалық және кәсіптік білім беру»



Астана-2018



Қазақстан Республикасы Білім беру және ғылым министрлігі
«Ақпараттық талдау орталығы» АҚ

**Ұлттық білім беру деректер қорын толтыру туралы
нұсқаулық**

**Төлқұжат
«Техникалық және кәсіптік білім беру»**

Астана, 2018

Мазмұны

1. Білім беру ұйымдарының типін анықтау.....	4
2. Білім беру ұйымдарының атауын жазу.....	4
3. Бөлім «Тіркеу мәліметтері».....	4
4. Бөлім «Материалдық-техникалық қор»	8
4.1 Бөлімше «Ғимарат туралы мәлімет»	8
4.2 Бөлімше «Кітапхана/Оқулықтар»	11
4.3 Бөлімше «Кабинеттер/Сыныптар/Дәрісханалар».....	13
4.4 Бөлімше «Компьютерлеу»	14
4.5 Бөлімше «Асхана»	16
4.6 Бөлімше «МТҚ туралы қосымша мәліметтер».....	16
5. Бөлім «Білім беру үдерісі туралы негізгі мәліметтер»	17
5.1 Қосалқы бөлімше «Жарыстар, байқаулар және олимпиадалар»	17
6. Бөлім «Білім беру объектісі туралы негізгі мәліметтер»	17
7. Бөлім «Жатақхана/Интернат».....	20
8. Бөлім «Қосымша мәліметтер»	21
8.1 Бөлімше «Кадрлар туралы қосымша мәліметтер»	21
8.2 Бөлімше «Контингент туралы қосымша мәліметтер»	21
8.3 Қосалқы бөлімше «Түлектер».....	21
8.4 Бөлімше «Қаржыландыру»	21
8.5 Бөлімше «Қамқоршылық кеңестер»	22
8.6 Бөлімше «Әлеуметтік серіктестік»	23
9. Бөлім «Төлқұжатты толтыратын жауапты адам»	24
10. Бөлім «Қызметкерлер».....	24
11. Бөлім «Контингент»	39
12. Формат-логикалық бақылау (ФЛБ).....	48
13. Электронды цифрлық қол қою (ЭЦҚ)	48
14. Нормативтік құжаттарға сілтеме	48

1. Білім беру ұйымдарының типін анықтау

ҚР БҒМ Бұйрығымен бекітілген, білім беру ұйымының Типтік ережелеріне сәйкес толтыру қажет

Техникалық және кәсіптік білім ұйымдары типін таңдау қажет

ПАСПОРТ	
Название организации образования	Актауский учетно –технологический колледж
Полное наименование на русском	Учреждение "Актауский учетно-технологический колледж"
Полное наименование на казахском	Мекеме "Ақтау есептік-технологиялық колледжі"
Краткое наименование на русском	АУТК
Краткое наименование на казахском	АЕТК
Тип организации образования (обязательное)	Организации технического и профессионального образования
<input type="button" value="Сохранить"/>	

2. Білім беру ұйымдарының атауын жазу

Заңды тіркеуден өткен білім беру ұйымының куәлігі (жарғысы) бойынша орыс және қазақ тілдерінде толық атауын толтыру қажет.

Білім беру ұйымының атауын өзгерткен / қайта құру/ жабу жағдайында ҰББДҚ өзгерістер енгізіп, бұйрық көшірмесін және қаулыны ББ, ҚББ, АББ/«АТО» АҚ электронды түрде беру қажет.

Мысалдар	
Білім беру ұйымының атауы	КГУ "Сервисно-технический колледж №1"
Орыс тіліндегі толық атауы	Коммунальное государственное учреждение «Сервисно-технический колледж №1»
Қазақ тіліндегі толық атауы	«№1 сервистік-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Орыс тіліндегі қысқа атауы	КГУ СТК №1
Қазақ тіліндегі қысқа атауы	№1 СТК КММ

3. Бөлім «Тіркеу мәліметтері»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
1.	Білім беру ұйымдарының түрлері	Білім беру ұйымының Жарғысына сәйкес белгілеу - колледж; - училище; - кәсіптік даярлау оқу орталығы;

		<ul style="list-style-type: none"> - ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған колледж; - түзету мекемелері жанындағы кәсіптік даярлау оқу орталығы; - түзету мекемелері жанындағы колледж; - әскери – техникалық колледж; - жоғары колледж
2.	Білім беру ұйымының БСН	<p>Бизнес-сәйкестендіру нөмірін (заңды тұлға (филиал және өкілдік) және бірлескен кәсіпкерлік түрінде қызметті іске асыратын жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір) салық төлеушінің куәлігі бойынша толтыру қажет (12 сан)</p>
3.	Жұмыс мамандықтарды дайындаушы	<p>Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтар жіктеуішіне сәйкес мамандықтар коды 7 саннан тұрады.</p> <p>Егер жіктеуіш деңгейінің коды (7 (соңғысы) сан) – «1» немесе «2» болса, онда ол жұмыс мамандықтары болып табылады. Мысалы, «050202 2 – Телеоператор», «050608 1 – шебер – шаштараз».</p> <p>Жіктеуіш деңгейінің коды «1» немесе «2» кадрлар дайындайтын ТЖКБ ұйымы, «жұмыс мамандықтарды дайындаушы» бағанында «иә» таңдайды</p>
4.	Құрылымдарға жатады	Сәйкесті таңдау (заңды, құрылымдық, басқалар)
5.	ЖОО жанында орналасқан	«Ия» немесе «жоқ» таңдау
6.	Меншік түрі	Білім беру ұйымының Жарғысына сәйкес таңдау (ЖАО ведомствосындағы мемлекеттік ұйымдар – коммуналды , республикалық ұйымдар – республикалық , жеке меншік ұйымдар – азаматтардың меншігі)
7.	Ведомстволық тиістілік	Сәйкес ведомствоны таңдау: - ҚР БҒМ (ҚР БҒМ республикалық ұйымдарына)

		<ul style="list-style-type: none"> - Жергілікті атқарушы органдар (ББ, АББ, ҚББ қарасты ұйымдарына) - ҚР Денсаулық Министрлігі (ДМ - «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ - ҚР МСМ Спорт және дене шынықтыру істері комитеті - ҚР ІІМ - ҚР Қорғаныс Министрлігі - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігі (ҚР ЕХӘҚМ) - Әділет Министрлігі - басқалар
8.	Ұйымның территориялық тиістілігі	<p>Қалалық жер немесе ауылдық жер деп (заңды мекен-жайға сәйкес) таңдау</p> <p>Егер білім беру мекемесі ауылдық жерде орналасса, бірақ қалалық территориялық округке тиесілі болса Тіркеу мәліметтерінде қалалық мекенді таңдау қажет.</p>
9.	Ұйымдастыру-құқықтық түрі	Білім беру ұйымының Жарғысына сәйкес таңдау
10.	Пошта индексі	Пошта индексін (заңды мекен-жайға сәйкес) толтыру (6 сан)
11.	Елді мекеннің құрамдас бөлігінің түрі	Лайық елді мекеннің құрамдас бөлігін таңдау (көше, шағын аудан және т.б.)
12.	Елді мекеннің құрамдас бөлігінің атауы	<p>Көшенің/шағын ауданның толық атауын толтыру.</p> <p>Елді мекеннің құрамдас бөлігінің атауы жоқ болған жағдайда елді мекеннің атауы ТОЛТЫРЫЛМАЙДЫ, (-) символын көрсету қажет</p>
13.	Үй №	Ғимарат нөмірін көрсету. Егер ғимараттың нөмері болмаса, (-) символын қою қажет
14.	Картадағы координат (енділік, ұзындық)	Төлқұжатты ашқан кезде e.edu.kz ресурсы сіздің орналасқан жеріңізді анықтау үшін деректерді сұрайды. Келісе отырып, автоматты түрде координаттарыңызды анықтауға рұқсат бересіз, осылайша

координаттар анықталғаннан кейін карта орналасқан жеріңізге сәйкес ашылады.

Сіздің орналасқан жеріңізді анықтау үшін әртүрлі шолғыштардағы кіру туралы хабарламалар:

Mozilla Firefox: «Сіз осы сайтқа өзіңіздің орналасқан жеріңізді хабарлағыңыз келе ме?» деп қалқыма хабарламада шығады. «Орналасқан жерді хабарлау» ашылған тізбеден «Орналасқан жерді үнемі хабарлау» тармағын тандай отырып, сіз орналасқан жеріңізді автоматты түрде анықтауға рұқсат бересіз.

Google Chrome: "https://e.edu.kz сіздің орналасқан жеріңіз туралы деректерге кіруге рұқсат сұрайды" қалқыма хабарлама шығады. «Рұқсат беру» батырмасын баса отырып, сіз орналасқан жеріңізді автоматты түрде анықтауға рұқсат бересіз.

Білім беру ұйымының координаттарын анықтау үшін енгізу өрісінде тышқанның сол жақ пернесін басу керек, карта ашылады. Картадан тышқанды қозғалта отырып, білім беру ұйымыңыздың орналасқан жерін табыңыз. Білім беру ұйымыңыз картадан шыққаннан кейін тышқанның сол жақ пернесін баса отырып жалаушаны қойыңыз. Білім беру ұйымыңыздың орналасқан жерін анықтағаннан кейін «Дайын» батырмасын басыңыз – координаттар көрсеткішті енгізу өрісінде автоматты түрде жазылады.

Егер қор білім беру ұйымы орналаспаған елді мекенде

		толтырылса, онда сәйкесінше автоматты мекен-жай бұрыс шығады және координаттарды картадан қолмен табу керек болады.
15.	Басшының аты-жөні	Толық толтыру қажет (<i>Беріков Берік Берікұлы</i>)
16.	Факс (коды+нөмірі)	Білім беру ұйымының телефон факс нөмірін толтыру
17.	Жұмыс телефоны (коды+нөмірі)	Білім беру ұйымының басшысының телефон нөмірін толтыру
18.	Ұялы телефон (нөмірі)	Білім беру ұйымының басшысының ұялы телефон нөмірін толтыру
19.	Білім беру ұйымының E-mail	Ұйымның электронды мекен-жайын толтыру (жеке E-mail емес)
20.	Білім беру ұйымының сайты	Сайттың толық мекен-жайын толтыру (бар болған жағдайда), мысалы: www.techcollege.kz
21.	Лицензия №	Лицензия бойынша толтыру
22.	Лицензия берілген күні	
23.	Білім беру ұйымының ашылу күні	Заңды тіркеу Куәлігіне сәйкес көрсету
24.	Білім беру ұйымының жабылу күні	Жергілікті атқарушы органдардың шешіміне сәйкес толтыру (қаулы, бұйрық) Егер білім беру ұйымы жабылмаса, онда ТОЛТЫРЫЛМАЙДЫ!

4. Бөлім «Материалдық-техникалық қор»

4.1 Бөлімше «Ғимарат туралы мәлімет»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
25.	Ғимараттар саны, бірлік	Ұйымдағы барлық ғимараттар санын көрсету
26.	Ғимараттар туралы мәліметтер	Білім беру ұйымының техникалық паспортына сәйкес лайықты мәнді таңдау және көрсету: - Ғимарат (<i>негізгі, басқа – қосымша ғимарат бар болған жағдайда</i>) Егер бірнеше ғимараттар болса,

бірінші «негізгі» ғимарат бойынша толтырылады. Келесі жолдарда – әрбір бөлек тұрған ғимарат бойынша толтыру.

- **Оқу мақсаттарында қолданылады** (егер ғимаратта топтар, оқу бөлмелері, спортзалдар, бассейндер, залдар және т.б. орналасқан болса – «иә» деп көрсету; егер ғимарат оқу мақсатында қолданылмаса (қазандық, қойма, мұрағат және т.б.) - «жоқ» деп көрсету)

- **Ғимараттың салынған жылы,**

- **Ғимаратты пайдалануға берілген жылы,**

- **Ғимараттың типі** (типтік немесе бейімделген)

- **Жылыту түрі**

Бір түрін таңдау қажет:

Жылыту жүйесі орталық немесе жеке (автономды) жылыту:

- қатты отында

- сұйық отында

- газ отынында

- электр қазан

-басқа

- **Ғимараттың техникалық жағдайы** (жөндеу қажет емес, ағымдағы жөндеу өткізілді, ағымдағы жөндеуді талап етеді, апаттық – – ғимараттың апатты жағдайда екендегі туралы мемлекеттік комиссияның шығарылған шешімі болған жағдайда белгіленеді, күрделі жөндеуді талап етеді, күрделі жөндеу өткізілді, күрделі жөндеуде),

- **Құрылыстың түрі** (саманнан, блоктан, ағаштан, кірпіш, каркас, монолит, басқа),

- **Жобалық қуаты, орын,**

- **Ыстық судың бар болуы** (болған жағдайда - «иә», болмаған жағдайда - «жоқ»),

- **Тасылатын су** (болған жағдайда - «иә», болмаған жағдайда - «жоқ»),

- **Ауыз судың бар болуы**

		<p>(сапасы мен қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша белгіленген талаптарға сәйкес ауыз су, оның ішінде ыдыстарға (графиндерге, шәйнектерге, кішкентай бөшкелерге және басқалары) құйылған, шөлмектердегі ауыз су, қайнаған су, стационарлық су бұрқақтары)</p> <p>- Үй-жайды қолдану (өз меншігіндегі, жалданбалы, өз меншігіндегі және жалданбалы)</p> <p>- Ғимараттың жалпы алаңы, ш.м.</p> <p>- Дәретханалардың бар болуы (тек қана жылы дәретханалардың, тек қана қора-қопсы дәретханалардың, жылы және қора-қопсы дәретханалардың)</p>
27.	Кедергісіз қол жеткізу	<p>Бар болған кедергісіз қол жеткізу элементерін белгілеу:</p> <p><u>Үй-жайға кіру:</u></p> <ul style="list-style-type: none"> - пандустардың бар болуы, - екі жақты тұтқаның бар болуы (жарақаттамайтын, үстінен және астына көлденең аяқталған), т.б. - кіру алаңында және тайғанамайтын кіреберістің бар болуы, - колледжге қол жетімділік белгісін орнату; <p><u>Үй-жайдағы қозғалыс белгілері:</u></p> <ul style="list-style-type: none"> - пандустардың бар болуы, - мүгедектерге арналған көтергіштің жабдықтары, - кабинеттердің, сынып бөлмелерінің, кітапханалардың, басқа үй-жайлардың есіктерін ұлғайту, - қажетті өлшемді үстелдердің, парталардың бар болуы, - тұтқаның бар болуы, үй жайлардың қажетті мөлшерде балдақ арналған ілмектердің бар болуы; <p><u>Санитарлы-тұрмыстық үй-жайлар:</u></p> <ul style="list-style-type: none"> - санитарлық тораптардың есіктерінің ұлғаюы, - раковина аймағында мүгедектер арбасы үшін, белгілі бір деңгейде санитарлық тораптағы раковиналардың жабдықталуы, - унитаздың жанында мүгедектер арбасына арналған аймақтың бар

		<p>болуы, - Аяқпен немесе таяқпен білінетін (ерлер дәретханалары үшін), писсуарға бағыттайтын тактильді белдіктің бар болуы, - кабинаның қолжетімділік белгісі, т.б.;</p> <p><u>Телекоммуникациялық және ақпараттық құралдар:</u> - қажетті жазбалардың бар болуы, - сөйлеу ақпараттарының және маяктардың бар болуы, - жедел ақпаратты көрсету үшін жеңіл мәтін дисплейдің болуы, - есіктің тұтқасы жағынан үй-жайды таңбалау, т.б.</p> <p>Кедергісіз қол жеткізу элементер бірнешеуі болса, барлығын белгілеу қажет</p>
--	--	---

4.2 Бөлімше «Кітапхана/Оқулықтар»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
28.	Кітапхананың болуы	Анықтамалық Ия/жоқ
29.	Кітапхана, бірлік	Кітапханалар санын көрсету
30.	Кітапхана ауданы, ш.м.	Білім беру ұйымының техникалық паспортына сәйкес кітапхана ауданын көрсету
31.	Оқу залдарының саны, бірлік	Оқу залдарының санын көрсету
32.	Оқу залдарында отыратын орындар саны	Оқу залдарындағы отыратын орындар санын көрсету
33.	Оқырмандар саны	Есепті жылдағы оқырмандардың санын көрсету
34.	Келіп кетушілер саны, адам	Есепті жылдағы келіп кетушілер санын көрсету
35.	Кітаптар саны, дана	Кітаптардың барлық санын көрсету, оның ішінде оқулықтар, көркем әдебиеттер, брошюралар және журналдар. Жеке оның ішінде оқулықтар және кітаптар (көркем әдебиеттер, брошюралар және журналдар)
36.	Электрондық оқулықтардың саны, дана	Электрондық оқулықтардың санын көрсету. Болмаған

		жағдайда 0 белгілеу
37.	Қазақ тіліндегі кітаптар саны, дана	Қазақ тіліндегі кітаптар санын көрсету
38.	Дамуында ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арналған ОӘӨ саны ,бірлік	<p>Бұзушылық бөлінісінде дамуында ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арналған ОӘӨ оқыту әдістемелік әдебиеттердің санын көрсету.</p> <ul style="list-style-type: none"> - есту қабілеті бұзылған балаларға арналған - есту қабілеті бұзылған балаларға арналған (әлсіз еститіндер) - есту қабілеті бұзылған балаларға арналған (естімейтіндер) - көру қабілеті бұзылған балаларға арналған - көру қабілеті бұзылған балаларға арналған (көрмейтіндер) - көру қабілеті бұзылған балаларға арналған (нашар көретіндер) - тірек-қозғалыс аппараты функциялары бұзылған (ТҚАФБ) балаларға арналған - сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балаларға арналған - ақыл-ойының дамуы кенжелеп қалған балаларға арналған - психикалық дамуы тежелген балаларға арналған - эмоциялық-еркі және мінез-құлқы бұзылған балаларға арналған - күрделі бұзылыстары бар, оның ішінде соқыр-саңырау болып қалған балаларға арналған - жоқ <p>Болмаған жағдайда 0 санын толтыру</p>

39.	Оқу-әдістемелікпен қамтамасыз ету	<p>Аталған элементтерді белгілеу қажет:</p> <ul style="list-style-type: none"> - арнайы оқу әдебиеттері, - арнайы оқу-әдістемелік және оқу материалдар, - арнайы оқыту бағдарламасы; - жоқ
-----	--	--

«Кітапхана/Оқулықтар» бөлімшесіндегі мәліметтерге кітапханашы немесе ұйымның әдіскері жауапты

4.3 Бөлімше «Кабинеттер/Сыныптар/Дәрісханалар»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
40.	Барлық кабинеттер, бірлік	<p>Кабинеттер санын көрсету: (жалпы білім беретін кабинеттер, жалпыкәсіптік және арнайы пәндер кабинеттері, зертханалар, шеберханалар, оқу кабинеттері, оқу полигондары, оқу шаруашылықтары, авто (тракто) дромдар)</p> <p>Авто (тракто) дромдар – комплекстік апаратты-бағдарламаны және басқада құрылымдарды, техникалық тестілеуге арналған (автокөлік құралдарын жүргізу, автокөліктерді тестілеу, шынжыр табанды тракторлар (арбалар), арнайы құрал-жабдықтар (ауыл шаруашылығы, тұрғын үй-коммуналдық және басқа мақсаттар) жер телімі және көлік құралдарын басқару құқығын алған кезде емтиханның практикалық бөлігін тапсыру орны.</p>
41.	Замануи оқыту құрылғыларымен жабдықталған зертханалар (соңғы 10 жылға), зертханалар жалпы санынан, бірлік	2008 жылдан кейін құрылғыларымен жабдықталған зертханалар санын көрсету
42.	Замануи оқыту құрылғыларымен жабдықталған шеберханалар (соңғы 10 жылға), шеберханалар жалпы санынан, бірлік	2008 жылдан кейін құрылғыларымен жабдықталған шеберханалар санын көрсету

43.	Жабдықталған, бірлік	Республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жабдықталған кабинеттердің санын көрсету
44.	Жабдықтауды қажет етеді, бірлік	Республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жабдықтауды қажет ететін кабинеттердің санын көрсету
45.	Есеп беру мезгілінде РБ-тен заманауи құрылғыларын жабдықтауға бөлінген қаражат, млн.тг.барлығы	Сомманы миллион теңгеде көрсету. Мысалы: 9 млн.тг., тек қана 9 санын көрсетеміз.
46.	Есеп беру мезгілінде ЖБ-тен заманауи құрылғыларын жабдықтауға бөлінген қаражат, млн.тг.барлығы	Сомманы миллион теңгеде көрсету. Мысалы: 9 млн.тг., тек қана 9 санын көрсетеміз.

4.4 Бөлімше «Компьютерлеу»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
47.	Компьютерлердің бар болуы	Білім беру ұйымдарында болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
48.	Компьютерлердің саны	Компьютерлердің санын көрсету: <ul style="list-style-type: none"> - Барлығы - білім беру ұйымындағы барлық компьютерлер - оның ішінде ғаламторға шығу мүмкіндігі бар - ғаламторға шығу мүмкіндігі бар барлық компьютерлер - Оқу/тәрбиелік үдерісінде қолданады - мұғалімдер мен оқушылардың оқу үдерісінде қолданатын компьютерлердің санын көрсету - оның ішінде ғаламторға шығу мүмкіндігі бар - ғаламторға шығу мүмкіндігі бар мұғалімдер мен оқушылардың оқу үдерісінде қолданатын компьютерлердің санын көрсету - Оқытушыларға/мұғалімдерге/тәрбиешілерге арналған – тек қана оқытушылар/мұғалімдермен/

		<i>тәрбиешілерге қолданатын компьютерлердің санын көрсету - оның ішінде ғаламторға шығу мүмкіндігі бар - ғаламторға шығу мүмкіндігі бар тек қана оқушылар/мұғалімдермен / тәрбиешілер/ қолданатын компьютерлердің санын көрсету</i>
49.	Соңғы 5 жылда сатып алынған компьютерлер саны, бірлік	Жылдар бөлінісінде компьютерлердің санын көрсету. Мысалы, 2012 жылы 3 компьютер сатып алынды, 2012 жыл бағанына - «3» толтыру. 2013 жылы 1 компьютер сатып алынды, оны 2012 жылы сатып алынған компьютерлердің санына қоспай 2013 жыл бағанына – «1» деп жазамыз.
50.	Есепті жылда түсу көздері бойынша компьютерлердің саны, бірлік	Есепті жылда қаржыландыру түрі бойынша сатып алынған компьютерлер санын көрсету (республикалық бюджет, жергілікті бюджет, заңды тұлғалардың ерікті жарналары, жеке тұлғалардың ерікті жарналары, басқалар)
51.	Ауыстыруды қажет ететін компьютерлердің саны, бірлік	Ауыстыруды қажет ететін компьютерлердің санын көрсету (бұзылған, пайдалану мерзімі өтіп кеткен)
52.	Ғаламтордың бар болуы	Білім беру ұйымдарында ғаламтор болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
53.	Келісім шарт бойынша интернеттің жылдамдығы	Қызметті ұсынушымен жасасқан келісімшартқа сәйкес <512 кбит/с ден >10 Мбит/с дейін жылдамдықты таңдау
54.	Факт бойынша интернеттің жылдамдығы	«Ғаламтордың бар болуы» «Ия» деп таңдалса «Факт бойынша интернеттің жылдамдығы» толтыруға міндетті <512 кбит/с ден >10 Мбит/с дейін тиесілі жылдамдықты таңдау
55.	Интернет (нүкте) желісіне рұқсаттың болуы, бірлік	Интернет желісіне қосылған нүкте санын көрсету (1 модем = 1 қолжетімділік нүктесі)
56.	Интерактивтік	Болған жағдайда «иә»,

	жабдықтардың (тақталар, проекторлар, панельдер) бар болуы	болмаған жағдайда «жоқ» таңдау <i>Интерактивтік құралдар (интерактивті тақталар, проекторлар, панельдер) - инновациялық құрал, жазу, ақпараттарды талдауға мүмкіндік береді)</i>
57.	Интерактивтік тақталардың саны, бірлік	Интерактивтік тақталардың санын көрсету. Болмаған жағдайда «0» символын қою
58.	1 компьютерге келетін студенттердің саны, бірлік	Көрсеткішті формула арқылы шығару: $\frac{\text{Студенттердің саны}}{\text{Колледждерде оқу үрдісінде қолданылатын компьютерлік техниканың саны}}$ Болмаған жағдайда 0 санын толтыру

4.5 Бөлімше «Асхана»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
59.	Асхананың бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
60.	Асханада отыратын орындар саны, бірлік	Асханада болған жағдайда отыратын орындар санын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
61.	Үй-жайды қолдану	Лайықты мағынаны таңдау: (өз меншігіндегі, жалданбалы)
62.	Бір оқушыны тамақтандырудың орташа құны, тг	Айына бір студенттің тамақтануына кететін орташа сомманы көрсету, теңге

4.6 Бөлімше «МТҚ туралы қосымша мәліметтер»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
63.	Спортзалдың бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
64.	Спортзалының ауданы, ш.м.	Техникалық паспорт бойынша спортзалдың ауданын шаршы метрде көрсету

5. Бөлім «Білім беру үдерісі туралы негізгі мәліметтер»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
65.	Оқыту тілі	ТЖКБ ұйымында сабақтардың өткізілетін тілін, оқыту (тілдерін) белгілеу
66.	Кәсіптік стандарттар негізінде әзірленген білім беру бағдарламаларымен қамтамасыз етілген мамандықтар саны	Санын көрсету
67.	Енгізілген оқушылар орны, бірлік	ТЖКБ ұйымында енгізілген оқушылар орындарының санын көрсету (2017-2018 оқу жылының басына)
68.	Ұлттық интституционалдық аккредитациядан өткен күні	ТЖКБ ұйымы Ұлттық интституционалдық аккредитациядан өткен күнін көрсету (аккредитация сертификатына сәйкес). Егер ТЖКБ ұйымы аккредитациядан өтпесе, онда бағанда «...» көрсету.
69.	ҰБА «Холдинг Кәсіпқор» тәжірибесін енгізді	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
70.	Үйірмелер және спорттық секциялардың саны	Түрі бойынша үйірмелер және спорттық кешендер бар болған жағдайда көрсету
71.	Жұмыс берушілермен бірлесіп жұмыскерлердің қайта даярлау мен біліктілігін көтеру қысқа мерзімді курстарға арналған модульдік оқу бағдарламалардың саны, бірлік	Модульдік оқу бағдарламалардың санын көрсету Болмаған жағдайда 0 санын толтыру

5.1 Қосалқы бөлімше «Жарыстар, байқаулар және олимпиадалар»

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары аталған бөлімшені толтырмайды

6. Бөлім «Білім беру объектісі туралы негізгі мәліметтер»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
72.	Электрондық оқыту (E-learning) жобасы шеңберінде техникалық жабдықтармен қамтылған	Анықтамадан электронды оқыту жүйесін енгізген жылын таңдау
73.	«Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасын іске асыру шеңберінде іс-шараларға қатысты	Қатысқан жағдайда «иә», қатыспаған жағдайда «жоқ» таңдау. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасын іске асыру шеңберінде іс-шараларға қатысқан колледждер
74.	Оқыту нысаны	Оқыту нысанын таңдау (<i>күндізгі, кешкі, сырттай, экстернат, қашықтықтан оқыту</i>). Егер ТжКБ ұйымы екі нысан бойынша оқытылса (мысалы, күндізгі және сырттай), күндізгі және сырттай насандарын белгілеу қажет.
75.	Оқыту технологиясы	Оқыту технологиясын белгілеу (<i>дуальды, несие, модульдік, дәстүрлі</i>) Модульді оқыту технологиясы - Модульдік білім беру бағдарламаларын меңгеру негізінде білім беру үдерісін ұйымдастыру әдісі, онда білім туралы ақпарат модульдерге бөлінеді (толық және дербес бөлімдер, ақпараттың бөліктері). Модуль оқу бағдарламалары, мазмұны бойынша даралау, оқыту әдістері, тәуелсіздік деңгейі, студенттердің білім беру және танымдық белсенділігінің қарқыны ретінде қарастырылуы мүмкін. Модульдік оқытудың шеңберінде пәндер бір мамандық бойынша 3 біліктілікке дейін жетуге мүмкіндік беретін модульдерге біріктіріледі.
76.	Екі деңгейлі біліктілік бойынша оқыту жүргізеді	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
77.	9 – 11 сынып негізіндегі мемлекеттік тапсырыс	2017 жылдың 20 қыркүйегіне оқу нысаны, сынып және тілдер

	бойынша оқушылар, адам	бөлінісінде мемлекеттік тапсырыс арқылы оқитын 9 және 11 сынып оқушыларының (жеке-жеке) санын көрсету.
--	-------------------------------	--

7. Бөлім «Жатақхана/Интернат»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
78.	Жатақхананың бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
79.	Жатақханалар туралы мәліметтер	<p>Білім беру ұйымының Техникалық паспортына сәйкес лайықты мәнді таңдау және көрсету:</p> <ul style="list-style-type: none"> -Үй-жайды қолдану - Жатақхана нөмірі, - Ғимарат типі (жатақхана) (типтік немесе бейімделген), - Жатақхана (жекеменшік немесе жалға алынған) - Ғимаратты пайдалануға берілген жылы - Ғимараттың техникалық жағдайы - Жобалық қуаты, орын, - Ғимараттың ауданы (ш.м.), - Қайта енгізілген оқу орындардың саны, бірлік (2017-2018 оқу жылының басына) - Барлық жайлардың жалпы алаңы, ш.м., - Жатын бөлмелердің ауданы, ш.м., - Жатақханада/интернатта бар болуы -Ғимараттың техникалық жағдайы: (жөндеу қажет емес, ағымдағы жөндеу өткізілді, ағымдағы жөндеуді талап етеді, апаттық – растау құжаттары болған жағдайда белгілеу, күрделі жөндеуді талап етеді, күрделі жөндеу өткізілді, күрделі жөндеуде)
80.	Үй-жайды қолдану	«Жатақхананың/интернаттың бар болуы» көрсеткішінде «Ия» таңдалған кезде көрсетіледі және толтыруға міндетті
81.	Жатақханада жаңадан берілген орын саны, бірлік	«Жатақхананың бар болуы» көрсеткішінде «Ия» таңдалса

		<i>ғана көрсеткіш пайда болады және толтыруға міндетті</i>
82.	Жатақханадағы күрделі ремонттың шығын көлемі, млн.тг.	Есептік кезеңде жатақхананы күрделі жөндеуден өткізуге республикалық немесе жергілікті бюджеттен бөлінген шығын көлемін көрсету. Мысалы: 9 млн.тг, бағанда «9» көрсету

8. Бөлім «Қосымша мәліметтер»

8.1 Бөлімше «Кадрлар туралы қосымша мәліметтер»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
83.	<i>Педагогикалық мөлшерлеме саны (қосалқы жұмыскерлерсіз)</i>	Білім беру ұйымының штаттық кестесінде бекітілген педагогикалық мөлшерлеменің жалпы санын көрсету (2017-2018 оқу жылының басына)
84.	<i>Инженерлік- педагогикалық жұмыскерлер саны, адам</i>	Инженерлік- педагогикалық жұмыскерлердің санын штат және кадрларының қажеттілігі бойынша көрсету (2017-2018 оқу жылының басына)
85.	<i>Техникалық жұмыскерлердің саны, адам</i>	Техникалық жұмыскерлердің санын штат және кадрларының қажеттілігі бойынша көрсету (2017-2018 оқу жылының басына)

8.2 Бөлімше «Контингент туралы қосымша мәліметтер»

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары аталған бөлімшені толтырмайды

8.3 Қосалқы бөлімше «Түлектер»

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары аталған бөлімшені толтырмайды

8.4 Бөлімше «Қаржыландыру»

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары аталған бөлімшені толтырмайды

8.5 Бөлімше «Қамқоршылық кеңестер»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
86.	Қамқоршылық кеңестің болуы	Қамқоршылық кеңес бар болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ»
87.	Қамқоршылық кеңестің құрылу күні	Қамқоршылық кеңестің құрылу күнін көрсету
88.	Заңды тұлға мәртебесінің болуы	Бар болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау. Егер аталмыш көрсеткіште «иә» таңдалса, «Заңды тұлғаны іркеу туралы мәлімет», «Заңды тұлғаны тіркеу күні», «Заңды тұлғаны тіркеу нөмірі», толтырылуы қажет
89.	Заңды тұлғаны тіркеу күні	Заңды тұлғаларды тіркеу туралы Куәлікке сәйкес толтыру
90.	Заңды тұлғаны тіркеу нөмірі	Заңды тұлғаларды тіркеу туралы Куәлікке сәйкес толтыру
91.	Қамқоршылық кеңестің банк шотының нөмірі	Банк шотының нөмірін көрсету
92.	Бюджеттен тыс келіп түскен қаражаттардың тізімі, теңге	Бюджеттен тыс келіп түскен қаражаттардың сомасын көрсету
93.	Қамқоршылық кеңесіндегі мүшелер саны, адам	Қамқоршылық кеңестің мүшелер санын көрсету
94.	Қамқоршылық кеңестің құрамы туралы мәліметтер	Қамқоршылық кеңес төрағасының мәліметтерін толтыру
95.	Қамқоршылық кеңес төрағасының аты-жөні	
96.	Қамқоршылық кеңес төрағасының байланыс телефоны	
97.	Өткізілген отырыстардың хаттамалары	Қамқоршылық кеңес отырыстарының хаттамаларын тіркеу
98.	Өткізілген іс-шаралардың қорытындысы бойынша есеп	Қамқоршылық кеңестің атқарған жұмысы туралы есебін тіркеу
99.	Заңды тұлғаларды тіркеу туралы мәліметтер	Заңды тұлғаларды тіркеу куәлігіне сәйкес толтыру

8.6 Бөлімше «Әлеуметтік серіктестік»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
100.	Келісім шарт жасалған кәсіпорындарымен компаниялардың саны	Барлық шарттардың, соның ішінде дуальді оқыту шеңберінде жасалған шарттардың санын көрсету «Соның ішінде дуалды оқыту шеңберінде» тең немесе «барлығынан» аз болу керек
101.	Кәсіпорынмен, компаниямен техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарымен кадрлар даярлауда ынтымақтастық туралы жасалған шарттардың саны, бірлік	Барлық шарттардың, соның ішінде дуальді оқыту шеңберінде жасалған шарттардың санын көрсету «Соның ішінде дуалды оқыту шеңберінде» тең немесе «барлығынан» аз болу керек
102.	Жұмыс берушінің бөлінген қаражат саны, мың тг	Жалпы бөлінген сомманың, «соның ішінде дуальді оқыту шеңберінде» сомманың санын көрсету «Соның ішінде дуалды оқыту шеңберінде» тең немесе «барлығынан» аз болу керек
103.	Кәсіпорын, компания, ұйым техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарыменің материалдық-техникалық жабдықтауға көмек көрсетілуі, қойылған жабдықтар саны	Қойылған жабдықтың санын көрсету, «соның ішінде дуальді оқыту шеңберінде» (бірлік). Бөлінген қаражат, «соның ішінде дуальді оқыту шеңберінде» сомманың санын көрсету «Соның ішінде дуалды оқыту шеңберінде» «Орнатылған құрылғылар саны, бірлік» көрсеткішіне тең немесе аз болу керек және «соның ішінде дуалды оқыту шеңберінде, тг» тең немесе «бөлінген қаражат сомасы, мың тг» көрсеткішінен аз болу керек
104.	Кәсіпорын, компания студенттерді оқытуға көмек көрсетілуі	«Соның ішінде дуальді оқыту шеңберінде» (мың теңге) бөлінген сомманы жазу. «Соның ішінде дуалды оқыту шеңберінде, тг» көрсеткіші «бөлінген қаражат сомасы, мың

		тг» көрсеткішіне тең немесе аз болу қажет
--	--	---

9. Бөлім «Төлқұжатты толтыратын жауапты адам»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
105.	Тегі	Жеке куәлік бойынша толтыру
106.	Аты	
107.	Әкесінің аты	
108.	Лауазым	<p>ҰББДҚ толтыратын жауапты тұлғаны – білім беру ұйымының ішкі бұйрығымен директор немесе оқу-ісі бойынша директордың орынбасары бекітіледі.</p> <p>Жауапты тұлға құзыретті мамандарды қадағалап, ҰББДҚ толтырады.</p> <p>Толық және уақытылы толтырылмаған мәліметтер үшін әкімшілік жауапкершілік мектеп директорына жүктеледі.</p>
109.	Жұмыс телефоны (коды+нөмірі)	Жауапты тұлғаның телефон нөмірін толтыру
110.	Ұялы телефон (нөмірі)	Жауапты тұлғаның ұялы телефон нөмірін толтыру
111.	E-mail	Жауапты тұлғаның электронды мекен-жайын толтыру

10. Бөлім «Қызметкерлер»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
112.	ЖСН бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
113.	ЖСН	Жеке куәлік бойынша жеке сәйкестендіру нөмірлерін толтыру (ҚР 2007 жылғы 12.01 № 223 Заңы «сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы»)
114.	Тегі	Жеке куәлік бойынша таңдау
115.	Аты	
116.	Әкесінің аты	

117.	Туған күні	
118.	Жынысы	
119.	Гражданство	
120.	Ұлты	
121.	Әскери шен	Лайықтыны мағынаны таңдау (офицер, прапорщик, сержант, қатардағы жауынгер, ҚК қызмет етпеген, әскери міндетсіз)
122.	Жұмысқа қабылдау күні	Еңбек келісім-шартқа сәйкес толтыру
123.	Жұмысқа қабылдау туралы бұйрық номері	Бұйрық номерін көрсету
124.	Жұмысқа қабылданды	Еңбек келісім-шартына, бұйрыққа, еңбек кітапшасындағы жазуына сәйкес толтыру (педагогикалық ЖОО-нан, басқа ЖОО-нан, колледжден, басқа облыс ауданы, қаласы, Республиканың басқа облысы, басқа Республикадан, мұғалім жұмысына басқа педагогикалық емес мекемелер мен ұйымдардан ауысты, бұрынғы мұғалімдердің педагогикалық жұмысқа қайта келу, басқа білім беру ұйымынан)
125.	Еңбек шартының мерзімі	ҚР Еңбек кодексі, 30 б. бойынша белгілі/ белгісіз мерзімін таңдау
126.	Декреттік демалыста	«иә» немесе «жоқ» таңдау
127.	Лауазым	Лайықты негізгі лауазымды, мөлшерлемені таңдау. Мысалы: барлығы пән - мұғалімдері Лауазым – мұғалім/оқытушыны, мөлшерлемесі – 1 белгілейді
128.	Негізгі лауазымның жүктемесі	Негізгі лауазымның жүктемесі таңдау
129.	Қызметкер	Лайықты мағынаны таңдау (штаттық, қосымша істеуші) Штаттық – білім беру ұйымдарының тиісті лауазымы бойынша штаттық кестедегі қызметкерлер (маусымдық қызметкерлерді есепке алмағанда) Сыртқы қоса атқарушы - қызметкердің негізгі жұмысынан бос уақытында басқа білім беру ұйымдарында тұрақты ақы

		<p>төленетін еңбек келісім-шартымен жұмыс атқару.</p> <p><i>Ішкі қоса атқарушы – аталған білім беру ұйымында қосымша жұмыс атқару. Егер негізгі және қосымша уақытында жұмысты атқару бұйрығы (келісім-шарт) бар болса, онда мұндай қызмет түрі - ішкі қоса атқару болып есептеледі.</i></p>
130.	Академиялық, ғылыми дәреже	<p>Педагогтардың жоғары білімі және жоғары білімнен кейінгі құжаттарына сәйкес дәрежесін белгілеу (<i>дәрежесі жоқ, магистр, ғылым кандидаты, ғылымдар докторы, PhD докторы, бағдар бойынша доктор</i>).</p> <p>Педагогикалық қызметкерлерге жатпайтын, техникалық және басқа қызметкерлерде «дәрежесі жоқ» көрсеткішін белгілеу қажет.</p>
131.	Білімі	<p>Білім туралы құжатқа сәйкес тандау.</p> <p>Жұмыстың негізгі штаттық жүктемелілігіне сәйкес тиісті білімді тандау.</p> <p>Жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистр, PhD докторы) – жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломға сәйкес педагогикалық және педагогикалық емес мамандықтар үшін тандау.</p> <p>Жоғары кәсіптік – жоғары білім туралы дипломға сәйкес педагогикалық емес мамандықтар үшін тандау.</p> <p>Жоғары педагогикалық – жоғары білім туралы дипломға сәйкес педагогикалық мамандықтар үшін тандау.</p> <p>Жоғары мектепке дейінгі – жоғары білім туралы дипломға сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша білімі бар болғанда тандау.</p>

